

8-СЫНЫП, ГЕОМЕТРИЯ. 18-сабақ тапсырмалары:


Теңшамалы және теңқұрамды фигуралар

1-есеп. 1-суреттегі квадратты кесіп, төрт тең: а) квадратқа; ә) үшбұрышқа бөліңдер.


2-есеп. 2-суреттегі параллелограмды кесіп: а) екі; ә) төрт теңшамалы үшбұрышқа бөліңдер.

3-есеп. 3-суреттегі тіктөртбұрышты кесіп, үшбұрыш құрастыруға болатындай екі бөлікке бөліңдер.


4-есеп. 4-суреттегі алтыбұрышты кесіп, параллелограмм құрастыруға болатындай екі тең трапецияға бөліңдер.




1 – сурет



2 – сурет



3 – сурет




4 – сурет

5-есеп. Тіктөртбұрыш жасауға болатындай параллелограмды кесіп, екі бөлікке бөліңдер (5-сурет).


6-есеп. Параллелограмм жасауға болатындай параллелограмды кесіп, екі бөлікке бөліңдер (6-сурет).

7-есеп. Үшбұрыш жасауға болатындай трапецияны кесіп, екі бөлікке бөліңдер (7-сурет).


8-есеп. Параллелограмм жасауға болатындай трапецияны кесіп, екі бөлікке бөліңдер (8-сурет).




5 – сурет



6 – сурет



7 – сурет




8 – сурет


9-есеп. Тіктөртбұрыш жасауға болатындай трапецияны кесіп, үш бөлікке бөліңдер (9-сурет).

10-есеп. Е нүктесі арқылы ABCD параллелограмын екі теңшамалы бөлікке бөлетіндей түзу жүргізіндер (10-сурет).


11-есеп. ABCD трапециясының C төбесі арқылы осы трапецияны екі теңшамалы бөлікке бөлетіндей түзу жүргізіңдер (11-сурет).



9 – сурет




10 – сурет




11 – сурет


12-есеп. 12-суретте көрсетілген үзік сызықты кескіндерді пайдаланып, дұрыс сегізбұрыштың ауданы оның ең үлкен және ең кіші диагональдарының көбейтіндісіне тең болатынын дәлелдеңдер.



12 – сурет



13 – сурет




14 – сурет

13-есеп. 13-суреттегі фигураны кесіп, төрт тең бөлікке бөліңдер.


14-есеп. 14-суреттегі фигураны кесіп, төрт тең бөлікке бөліңдер.

15-есеп. Дұрыс: а) алтыбұрышты; ә) сегізбұрышты кесіп, параллелограмдарға бөліңдер (15-сурет).

16-есеп. 16-суреттегі фигураны кесіп, екі тең бөлікке бөліңдер.




а)




ә)

15 – сурет



16 – сурет



17 – сурет

17-есеп. 17-суреттегі фигураны кесіп, екі тең бөлікке бөліңдер.